№5265-23-00-2/2899 іс

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 30 қараша Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы Л.Н.Калдиева талап қоюшы Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынының жауапкер жеке кәсіпкер Қарсыбек Нұржамал Талғатқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюымен өңайтылған тәртіппен қозғалған азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы сотқа аталған талап қою арызымен жүгініп, онда жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша өз міндеттерін орындаудан бас тартқанын көрсеткен.

Сот іс материалдарын зерттеп, келесі тұжырымға келеді.

25 қыркүйек 2023 жылғы №114/23 санды келісім шарттың 3.1 тармағының 1),2) – тармақшаларына сай, шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күн ішінде 894 тенгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін енгізуге міндеттенеді.

Алайда, аталған сома жауапкермен төленбеген.

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер келісім шартты 10 күннің ішінде орындауға міндеттенген.

Міндеттеме жауапкермен орындалмаған.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – Заң) 12 бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 44 бабының 1-тармағына сай, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

Заңның 12 бабының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 30.11.2023

қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады. Сондықтан аталған азаматтық іс сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 277-бабы 1-бөлігіне сай сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және АПК-нің 268-269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынының жауапкер жеке кәсіпкер Қарсыбек Нұржамал Талғатқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап арызымен қозғалған азаматтық ісі іс жүргізуден тоқтатылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 429 бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор наразылық келтіруге ерікті.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 30.11.2023